

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 5 хаттамасы

Түркістан қаласы

17.01.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Акимов Жақсылық Махмұтұлы, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Е.Сәбидолла, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гульмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, PhD, Шалхаров Ернар Сайлаубекевич, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, Б.Шарханова және ОПҚ.

Күн тәртібі :

1. Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну
2. ББ 2024-2025 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау
3. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау
4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша аға оқытушы М.Оспанкулова сөз алып; «Экономика, қаржы есеп» кафедрасы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебі кафедра деңгейінде талқыланды. Семинарлар, ашық сабақтар мен өзара сабаққа ену жоспар бойынша толығымен орындалды. Хаттамалары толтырылды. Ашық сабақ нәтижесі бойынша озық тәжірибе тарату мақсатында Л.Тайжановтың «Мемлекеттің қаржы және ақша-несие жүйесі. Әлеуметтік саясат» атты тақырыбындағы семинар сабағы ұсынылды. 2024-2025 оқу жылында баспадан шығаруға 4 оқулық жоспарланған. 1-семестрде аудиториялық оқу түрі көп болғандықтан оқу құралдарын баспадан шығару сәуір айына жоспарланды.

Келесі сөз кезегін алған аға оқытушы А.Алимбаева жоспарланған оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы туралы; «Құқықтану» кафедрасында жоспарланған ашық сабақтар мен әдістемелік семинарлар өз мерзімінде өтілді, аталағн іс-шаралардың өтілуі бойынша хаттамалар толтырылып, есебі жасалып бекітілді. Сонымен қатар ОПҚ өзара сабаққа қатысуы жоспарыда толығымен орындалды. 2024-2025 оқу жылына жоспарланған оқу құралдары баспадан шығару үшін университет сарапшыларынан өту үстінде екенін ескертті.

Сөз кезегін алған Б.Шарханова мен Қ.Қаныбековада кафедрада жоспарланған әдістемелік жұмыстар өз мерзімінде орындалып, хаттамалары жазылып, есебі жазылғанын айтты. Сонымен қатар кафедра оқытушылары инклюзивті білім беру, білім беру мен зерттеулерде жасанды интеллект қолдану бойынша біліктілік арттыру курстарынан университетіміздің біліктілік арттыру орталығы жоспарына сәйкес өтуде.

Сөз кезегін алған оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Алимбаева жалпы факультет кафедраларындағы оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы қанағаттанарлық деп есепті бекітуге ұсынатындығын айтты. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап, дауыс берді.

Шешім: 1.1 Факультет кафедраларының оқу-әдістемелік жұмыстарының 2024-2025 оқу жылының I-жарты жылдығы бойынша есебі бекітілсін.

Екінші мәселе бойынша факультет деканы Ж.Акимов сөз алып; күн тәртібіндегі мәселені ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау, әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу бойынша атқарылған жұмыстарды қарастыруды, талқылауды ұсынды.

Білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін қарастырайық. Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша тек 6B11157-Туризм БББ бойынша өзін – өзі бағалау есебі жасалды. Оның ішінде, 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау мәселесіне тоқталсақ.

Кафедра меңгерушісі Құралбаев А. сөз алып, ЖОО білім беру бағдарламаларының Атамекен рейтинг нәтижелері бойынша 6B11157-Туризм -15/35, 6B04140-Менеджмент-12/45, 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару-22/30, 6B03138-Халықаралық қатынастар-10/20, 6B04245- Құқықтану-38/53, 6B04142-Экономика-43/53, 6B04143-Есеп және аудит-21/58, 6B04144-Қаржы-61/64 көрсеткіш нәтижелерін кафедра меңгерушілері айтып өтті.

Шешім: 2.1 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы рейтингі бойынша факультет білім беру бағдарламаларының рейтинг көрсеткіштерін жақсарту жұмыстары жүйелі іске асырылсын. (жауапты; кафедра меңгерушілері)

Үшінші мәселе бойынша Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау бойынша оқу-ісі жөніндегі декан орынбасары Е. Сәбидолла сөз алып; 2024-2025 оқу жылы бойынша Экономика, басқару және құқық факультеті бойынша қысқы сессиясына жалпы 802 студент қатысқанын және жалпы 55 145 баға қойылғанын баяндады.

Емтихандар нәтижесі бойынша:

1 курс бойынша (Жалпы: 257 студент/ 16 883 баға)

- 90-100 аралығы – 3 330 баға (19.72%)
- 70-89 аралығы – 12 176 баға (72.12%)
- 50-69 аралығы – 824 баға (4.88%)
- 0-50 аралығы – 572 баға (3.39%)

2 курс бойынша (Жалпы: 164 студент/ 14 674 баға)

- 90-100 аралығы – 2 883 баға (19.65%)
- 70-89 аралығы – 10 249 баға (69.84%)
- 50-69 аралығы – 901 баға (6.14%)
- 0-50 аралығы – 667 баға (4.55%)

3 курс бойынша (Жалпы: 168 студент/ 11 568 баға)

- 90-100 аралығы – 1 928 баға (16.67%)
- 70-89 аралығы – 7 653 баға (66.16%)
- 50-69 аралығы – 1 190 баға (10.29%)
- 0-50 аралығы – 855 баға (7.39%)

4 курс бойынша (Жалпы: 213 студент/ 12 020 баға)

- 90-100 аралығы – 1 857 баға (15.45%)
- 70-89 аралығы – 7 894 баға (65.67%)
- 50-69 аралығы – 1 682 баға (13.99%)
- 0-50 аралығы – 668 баға (5.56%)

Қысқы сессияның қорытындысы бойынша «Экономика, басқару және құқық» факультетінің бағалау медианасы талапқа сай келмей тұрғаны байқалды. Ең басты мәселе – білім алушылардың апталық бағаларының тым жоғары немесе тым төмен болуы. Яғни, емтиханда алған бағалары аралық бақылау нәтижесінде жоғарылап кетеді. Бұл жағдай барлық курстарға қатысты. Бағалау медианасында көрсетілген пайыздардан факультеттің пайызының жоғары болуы сервис пәндердің үлесінен өсіп отыр деп атап өтті.

Өз кезегінде факультет деканы Ж. Акимов сөз алып, жалпы жағдаймен кеңес мүшелерін таныстырып, бірқатар шешімдер ұсынды. Декан Ж. Акимов жалпы 1-3 курс арасында 214 студенттің академиялық қарызы бар екенін мәлімдеді. Оның ішінде 44 білім алушыда 30 кредиттен астам қарызы бар. Сондай-ақ, 30 кредиттен астам академиялық қарызы бар студенттердің ата-аналарымен жеке кездескенін айтты. Кездесу барысында 43 студенттің ата-анасы олардың академиялық қарызы бар екенін білмейтіндігін жеткізген.

- Шешім:**
1. Қысқы сессиясының талдау нәтижелері ескеріліп, назарға алынсын.
 2. ECTS нұсқаулық бойынша ОПҚ құрамы бағалау медианасын назарға алсын.
 3. Білімгерлердің теориялық білімдерін шыңдау мақсатында, өзіндік белсенділікті жоғарлататын заманауи білім беру тәсілдері кеңінен қолданылсын.
 4. Емтихан түрлері бойынша аралық бақылау, емтихан бағалары факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын.
 5. Академиялық қарызы бар білім алушыларға ресми хабарлама жіберілсін.
 6. 30 кредиттен артық академиялық қарызы бар студенттерге 2025 жылдың тамыз айына дейін қарыздарын жою мүмкіндігі берілсін.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



А.А.Алимбаева